

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 маусымдағы № 638 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 20-бабының 2-тармағына және «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне 2014 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен А-2 «Қорғас – Алматы – Шымкент – Өзбекстан Республикасының шекарасы» автомобиль жолының «Шымкент – Жамбыл облысының шекарасы» учаскесін реконструкциялау жобасы бойынша мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға нысаналы ағымдағы трансферттер түрінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне аудару үшін 27520400 (жиырма жеті миллион бес жүз жиырма мың төрт жүз) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.12.2014 № 1334 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов